

**«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны**



Тақырыбы: «Табиғат жанашырлары»

(Қалдық баклажкадан пайдалы бұйым жасау)

Тәрбиеші: Дабылова А.Т.

Кеңес А.Қ.

2026 оқу жылы

Білім беру саласы: Шығармашылық
Бөлімі: Қолөнер / Экологиялық тәрбие

Тақырыбы: «Табиғат жанашырлар» (Қалдық баклажкадан пайдалы бұйым жасау)

Жасы: 4–5 жас

Қатысушылар: балалар, ата-аналар, тәрбиеші

Өткізу түрі: бірлескен шығармашылық жұмыс

Мақсаты: Балалар мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекеті арқылы қалдық материалдарды қайта пайдалануға үйрету, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Міндеттері:

- **Білімділік:** қалдық материалдың тұрмыстағы пайдасын түсіндіру
- **Дамытушылық:** балалардың ұсақ моторикасын, шығармашылық ойлауын дамыту
- **Тәрбиелік:** ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу

Қажетті құрал-жабдықтар:

- Пластик баклажка (алдын ала жуылып, кептірілген)
- Қайшы
- Желім
- Түрлі-түсті қағаз
- Фломастер
- Декор элементтері (көз, лента, жапсырма)

Балалар мен ата-аналармен амандасу.
Психологиялық ахуал қалыптастыру:

«Бала мен ата-ана –
Бірге болса жараса,
Табиғатты қорғайық,
Ісімізбен дәлелдейік!»

«Қолымызды сермейміз,
Табиғатты қорғаймыз!»

Ата-аналарға іс-әрекеттің мақсаты түсіндіріледі.

Тәрбиеші:

– Құрметті ата-аналар, бүгін біз балалармен бірге қалдық баклажкадан пайдалы бұйым жасаймыз. Бұл жұмыс балалардың шығармашылығын дамытып қана қоймай, экологиялық тәрбие береді.

Қатысқан ата-аналар:

Әкесі: Хамит Әділхан

Баласы: Амангелді Нұрғиса

Кесі:Музамелұлы Мирамбек

Баласы:Музамел Рамазан

Анасы:Ойнарова Ақбота

Қызы:Ермек Аяла

Анасы:Саттар Сәулеш

Қызы:Садықова Ақбибі

Анасы:Қанбаева Бақытгуль

Қызы:Болат Томирис

Жұмыс барысы (ата-ана мен бала бірге орындайды):

1. Баклажканың төменгі бөлігін кесу (ата-ана көмектеседі)
2. Шетін тегістеу
3. Түрлі-түсті қағазбен қаптау
4. Көз, ауыз жапсыру
5. Бұйымды әшекейлеу

Тәрбиеші қауіпсіздік ережесін қадағалай

Қорытынды:

Дайын жұмыстар көрмеге қойылады.

Талқылау:

- Бүгін не жасадық?
- Қандай материал қолдандық?
- Үйде тағы қандай бұйым жасауға болады?

Ата-аналарға алғыс айту.

Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар қалдық материалдың маңызын түсінеді
- Ата-аналар экологиялық тәрбиеге белсенді қатысады
- Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас нығаяды



